

**"Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қазандағы № 794 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 691 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 691 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 43-1-бабының екінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар ) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 43-1-бабының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін қоспағанда, мемлекеттік органдардың қызметінде жобалық басқаруды жүзеге асыру тәртібін айқындайды."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*